

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің №8 негізгі орта мектебі»КММ

Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылына арналған шағын орталық жұмыс жоспарының жылдық есебі.

Педагог-психолог: Кабиева В.М

Мақсаты: білім беру ұйымдарында даярлық тобы және шағын орталықтардағы тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- 1) даярлық тобы және шағын топтағы тәрбиеленушілердің тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін өзі тәрбиелеу және өзінөзі дамыту «қабілетін» дамыту;
- 2) даярлық тобы және шағын топтар тәрбиеленушілердің ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық тұрғыда жәрдем көрсету;
- 3) даярлық тобы және шағын топтағы тәрбиеленушілердің психологиялық педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- 4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту;
- 5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) даярлық тобы және шағын топтағы тәрбиеленушілердің психикалық денсаулығын сақтау;
- 7) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 8) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру.

“Ақбота” кіші тобында бала саны:12

“Балдаурен” ортаңғы тобындағы бала
саны:12

«Күншуақ» ересек тобындағы бала
саны: 4

Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары

Психологиялық диагностика.

Мақсаты: Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

Психологиялық профилактика

Мақсаты: Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.

Мақсаты: Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

Психологиялық білімді көтеру

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

Балалармен жұмыс

- балалардың шағын орталыққа бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- шағын орталықтың балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰОҚ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.

Балалардың шағын орталыққа, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға кіші топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылады. Қорытынды шығарылды (Дмитриева Г.А. бойынша):

- бейімделуі жеңіл-57%;
- орташа-32%;
- бейімделуі қиын-11%.

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың шағын орталыққа бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы шағын орталыққа әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Жалпы 3 топпен де жұмыс жасалды, оның ішінде зертеу жұмыстар ортаңғы 1 топпен (3,4 жас аралығындағы балалармен) жұмыс жасалды. Жылдық жоспар, жұмыс кестесі құрылды. Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процесстерін зерттеу, қарым-қатынас диагностикасы, мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталды, берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатын, сөз қоры аз екені байқалып, психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында, эмоционалдық тұрақсыздықтары бар балалармен жеке жұмысын жүргізеді.

Ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні мен қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстар

Мақсаты: жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру.

Қабылдауы орташа балалармен: «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізіледі.



Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен балалармен: «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б. ойын-жаттығулары өткізіледі.



Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар балалармен: «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізіледі.



Жеке жұмыс баланың қабілетін ашуға септігін тигізеді, жүйелі жұмыстың арқасында балалар ұйымшылдыққа үйреніп, оқу қызметінің дағдылырын меңгеріп, жаңа технологиялармен танысып, бағдарламаларды игеруде.

Оқу жылдың басында қазан қараша айларында және оқу жылдың аяғында наурыз сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процесстерін анықталып мониторингі шығарылды. Ортаңғы топ балаларының ойлау қабілеттері жылдың аяғында «орташа» екені анықталды, яғни берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатынын, сөз қоры аздау екенін байқалды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды.



Ақпан айында ата-анадан шағын орталық тәрбиешілеріне, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруына, жалпы балабақшаға деген көзқарасын, шағын орталық мамандарынан қандай көмек күтетінін анықтау мақсатында ата-ана жиналысы барысында сауалнама алынды. Тренинг өткізілді және өтініш білдірген ата-аналарға жеке кеңестер берілді.

Сонымен қатар патриоттық тәрбие беру шағын орталықтан басталады деген пікірімізбен ата-аналар толықтай келісті, қаңтар айының соңында «Баланың патриоттық тәрбиесі» сауалнамасының қорытындысымен педкеңесте ұжым таныстырылды.

Ақпан айында шағын орталықта ашық есік күні ұйымдастырылды, бағдарлама бойынша ата-аналармен тренинг өтті.

Негізі әр педагогтың баланың ата-анасымен қатысуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен тәрбиешінің қылығы мен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол педагогке деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған тәрбиешінің немқұрайлығы қосылса, оның нәтижесі шағын орталыққа деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін. Сол мәселеге байланысты жеке ата-аналармен кездесіп, барынша кеңес беріп отырылады.

Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, «Жаңадан келген тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан кеңес беру», «Адамгершілік – рухани байлық» тақырыбында баяндама тыңдалды; «Достық, Әріптестік, Ұжым», «Команда болу», «Жақсы көңіл-күй - жан азығы», «Отбасым-байлығым», «Биле, биле» атты тренингтер және педкеңестерде релаксация жаттығулары өткізілді.

Жас мамандардың, жаңадан келген тәрбиешілердің жұмысындағы қиындықты анықтауға арналған диагностикалық сауал-сұрақтар алынды. Сонымен қатар, сәуір айында жас мамандармен «Жас келсе, іске!» атты педагогикалық-психологиялық сайыс өткізілді.

